

**Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен
Әзірбайжан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
арасындағы Еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау саласындағы
ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 мамырдағы N 490 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен Әзірбайжан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі арасындағы Еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің жобасына қол қоюға келісім беріледі.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

**Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрлігі мен Әзірбайжан Республикасы Еңбек
және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі арасындағы
Еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік
қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы
КЕЛІСІМ**

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен
Әзірбайжан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі (бұдан
әрі "Тараптар" деп аталады),

Тараптар мемлекеттеріндегі еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау, халықты
әлеуметтік қамсыздандыру және жұмыспен қамту саласындағы тәжірибе алмасуға
бағытталған Тараптар арасындағы ынтымақтастықты тани отырып,

Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасы арасындағы қатынастардың
дамуына жәрдемдесу ниетімен,

Тараптар арасындағы еңбек, жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау саласындағы
достық қатынастар мен ынтымақтастықты дамытуда мүдделілікті ескере отырып,

мұндай екі жақты ынтымақтастық экономикалық және әлеуметтік прогресті ынталандыруға ықпал ететінін түсіне отырып, мына төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау саласындағы ынтымақтастықты дамытады және кеңейтеді.

2-бап

Тараптар арасындағы ынтымақтастық олардың ұлттық заңнамасына сәйкес мынадай салаларда жүзеге асырылады:

- а) еңбек, жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау проблемаларын нормативтік-құқықтық реттеу;
- б) оларды заңнамалық реттеуді қоса алғанда, әлеуметтік-еңбек қатынастары: еңбекті инспекциялау, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау, еңбек дауларын шешу жолдары;
- в) кедейшілікті азайту жөніндегі шараларды жүзеге асыру, халықты әлеуметтік қорғау жүйесін, оның ішінде атаулы әлеуметтік көмек тетіктерін дамыту;
- г) жұмыссыздар мен жұмыс іздеп жүргендерді кәсіптік даярлау, қайта даярлау жүйесін дамыту;
- д) әлеуметтік қорғау, жұмыспен қамту және еңбек көші-қон саласындағы саясат;
- е) медициналық-әлеуметтік сараптама және мүгедектерді оналту, оларды кәсіптік даярлау мен жұмысқа орналастыру;
- ж) әлеуметтік қорғау жүйесін ұйымдастыру және оған әкімшілік ету;
- з) еңбек рыногының даму мониторингі;
- и) Тараптардың өзара уағдаластығы бойынша еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғаудың басқа да мәселелері.

3-бап

Тараптар ынтымақтастықты өздерінің ұлттық заңнамасына сәйкес мынадай нысандарда жүзеге асырады:

- а) еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау саласындағы заңнамалық және басқа да нормативтік құқықтық кесімдермен алмасу;
- б) ақпараттық-талдау материалдарымен және әлеуметтік-еңбек даму мәселелері жөніндегі ғылымы зерттеулердің нәтижелерімен алмасу;
- в) Тараптардың сарапшылары арасындағы консультациялар;
- г) Тараптар сарапшыларының, мамандарының Тараптар мемлекеттерінің аумағында

өткізілетін конференцияларға, семинарлар мен басқа да халықаралық іс-шараларға қ а т ы с у ы ;

д) әлеуметтік-еңбек саласындағы біліктілігін арттыру және жұмыс тәжірибесімен алмасу мақсатында Тараптар мамандарының тағылымдамалары мен оқу іссапарларын ұ й ы м д а с т ы р у ;

е) еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша халықаралық форумдарда өзара іс-әрекет ету және өзара қолдау.

4-бап

Осы Келісімнің ережелерін іске асыру мақсатында Тараптар сарапшылар деңгейінде бірлескен жұмыс тобын құрады. Жұмыс тобы туралы ережені Тараптар қабылдайды.

5-бап

Осы Келісімді іске асыруға бағытталған қаржылық қамтамасыз ету екі Тараптың өзара уағдаластығы бойынша Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

6-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру мен қолдануға қатысты Тараптар арасындағы барлық даулар мен келіспеушіліктер екі жақты келіссөздер мен консультациялар арқылы шешіледі.

7-бап

Тараптардың өзара уағдаластығы бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделеді және 8-бапта белгіленген тәртіппен күшіне енеді.

8-бап

Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады және Тараптардың біреуі екінші Тараптың оның қолданылуын тоқтату ниеті туралы тиісті жазбаша хабарламасын алған күннен бастап алты ай өткенге дейін күшінде қалады.

2005 жылғы " ____ " _____ қаласында әрқайсысы қазақ, әзірбайжан және орыс тілдерінде екі түпнұсқалық данада жасалды, бұл ретте барлық мәтіндердің

күші бірдей. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

<i>Қазақстан Республикасы</i>	<i>Әзірбайжан Республикасы</i>
<i>Еңбек және халықты әлеуметтік</i>	<i>Еңбек және халықты әлеуметтік</i>
<i>қорғау министрлігі үшін</i>	<i>қорғау министрлігі үшін</i>

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК